

**"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесі бастығының 2019 жылғы 7 қазандағы № 19-42-3.3.17 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесі бастығының 2020 жылғы 20 тамыздағы № 20-42-3.3.11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 қыркүйекте № 21163 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесі бастығының 2019 жылғы 7 қазандағы № 19-42-3.3.17 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 қазанда № 19491 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген 2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген 3-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің қаржы және бухгалтерлік есеп секторы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесі бастығының орынбасары – бас бухгалтер Е.К.Арпабаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Кеңсесінің бастығы

Н. Онжанов

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік**

Қазақстан Республикасы  
Президенті Кеңесі бастығының  
2020 жылғы 20 тамыздағы  
№ 20-42-3.3.11 бұйрығына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президенті Кеңесі бастығының  
2019 жылғы 7 қазандағы  
№ 19-42-3.3.17 бұйрығына  
2-ҚОСЫМША

**"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты" мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының ТІЗІЛІМІ**

| Буын                         | Саты | Лауазымдар атауы                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------------|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| А блогы (басқарушы персонал) |      |                                                                                                                                                                                                                                                          |
| A1                           | 1-1  | Басшының орынбасары                                                                                                                                                                                                                                      |
| A2                           | 1    | Өкілдік басшысы, бөлім басшысы: әлеуметтік-экономикалық зерттеулер; әлеуметтік-саяси зерттеулер; халықаралық зерттеулер; әлеуметтанулық зерттеулер; ақпараттық-талдау жұмысы; кадр жұмысы және құжаттама; ұйымдастыру жұмысы. Ғалым хатшы, бас бухгалтер |
|                              | 1-1  | Бөлім басшысының орынбасары: ақпараттық-талдау жұмысы; кадр жұмысы және құжаттама; ұйымдастыру жұмысы. Бас бухгалтердің орынбасары                                                                                                                       |
| В блогы (негізгі персонал)   |      |                                                                                                                                                                                                                                                          |
| B1                           | 1    | Бас ғылыми қызметкер                                                                                                                                                                                                                                     |
|                              | 2    | Жетекші ғылыми қызметкер, бас сарапшы                                                                                                                                                                                                                    |
|                              | 3    | Аға ғылыми қызметкер, жетекші сарапшы                                                                                                                                                                                                                    |
|                              | 4    | Ғылыми қызметкер, аға сарапшы, кеңесші                                                                                                                                                                                                                   |
|                              | 5    | Сарапшы                                                                                                                                                                                                                                                  |
| В блогы (өзге де салаларда)  |      |                                                                                                                                                                                                                                                          |
| B2                           | 1    | Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты негізгі персонал маманы: қорларды сақтаушы                                                                                                                                                                  |
| С блогы (әкімшілік персонал) |      |                                                                                                                                                                                                                                                          |
| C2                           |      | Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: бухгалтер, инженер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман, техникалық қамтамасыз ету жөніндегі маман, кадрлар және құжаттама жөніндегі инспектор, аудармашы, дизайнер          |